



БҰЙРЫҚ


ПРИКАЗ

2018 ж. 27 маусым № 74

Астана қ.

г. Астана

2017 - 2018 оқу жылын аяқтау және орта білім беру ұйымдарының білім алушыларын қорытынды аттестаттаудан өткізу туралы



«Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 14) тармақшасына сәйкес, сондай-ақ меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан білім беру ұйымдарында 2017-2018 оқу жылын ұйымдасқан түрде аяқтау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Оқу жылын аяқтаудың мынадай мерзімдері белгіленсін:

1) Меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан орта білім беру ұйымдарында оқу сабақтарының аяқталуы - 2018 жылғы 25 мамыр;

2) 9 (10) сыныптың білім алушыларының қорытынды бітіру емтихандары – 2018 жылғы 28 мамыр - 8 маусым, мемлекеттік бітіру емтихандары - 2018 жылғы 29 мамыр - 30 маусым аралығында.

2. 9 (10) сыныптардың білім алушылары қорытынды аттестаттауды мынадай мерзімдерде тапсырады:

1) таңдау бойынша пәннен (физика, химия, биология, география, геометрия, Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, әдебиет, шетел тілі (ағылшын, француз, неміс), информатика) ауызша емтихан – 2018 жылғы 28 мамыр;

2) орыс, өзбек, ұйғыр және тәжік тілдерінде оқытатын мектептерде қазақ тілінен ауызша емтихан және қазақ тілінде оқытатын мектептерде орыс тілінен ауызша емтихан - 2018 жылғы 31 мамыр;

3) ана тілі мен әдебиетінен жазбаша емтихан (оқыту тілі бойынша) (гуманитарлық циклдегі пәндерді тереңдетіп оқытатын мектептердің білім

алушылары үшін – шығарма, қалған білім алушылар үшін - диктант) – 2018 жылғы 5 маусым;

4) математикадан жазбаша емтихан - 2018 жылғы 8 маусым.

11 (12) сынып білім алушылары қорытынды аттестаттауды мынадай мерзімдерде тапсырады.

1) ана тілі және әдебиетінен (оқыту тілі) жазбаша емтихан – 2018 жылғы 29 мамыр;

2) таңдау бойынша пәннен (физика, химия, биология, география, геометрия, дүниежүзі тарихы, әдебиет, шетел тілі (ағылшын, француз, неміс), информатика) тестілеу – 2018 жылғы 2 маусым;

3) орыс, өзбек, ұйғыр және тәжік тілдерінде оқытатын мектептерде қазақ тілінен және қазақ тілінде оқытатын мектептерде орыс тілінен тестілеу - 2018 жылғы 2 маусым;

4) алгебра және анализ бастамалары пәнінен жазбаша емтихан - 2018 жылғы 6 маусым;

5) Қазақстан тарихынан ауызша емтихан - 2018 жылғы 9 маусым.

3. Білім алушыларды қайта қорытынды аттестаттау 2018 жылғы 12 - 30 маусым аралығында өткізіледі.

4. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Мектепке дейінгі және орта білім департаменті (Ш.Т. Каринова) «Ұлттық тестілеу орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнымен (Р.С. Әлімқұлов) бірлесіп, 11 (12) сыныптардың білім алушылары үшін емтихан тапсырмаларының пакеттерін дайындауды және облыстардың, Астана және Алматы қалаларының білім басқармаларына, сондай-ақ республикалық мамандандырылған орта білім беру ұйымдарындағы 9 (10) және 11 (12) сыныптары білім алушылары үшін 2018 жылғы 23 мамырға дейін жеткізуді ұйымдастырсын.

5. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Мектепке дейінгі және орта білім департаменті (Ш.Т. Каринова) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспа басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде елтаңбалық мөрімен куәландырылған қағаз данасы қосымшасының электронды тасығышта ресми жариялауды;

3) тіркелген осы бұйрықты алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оның көшірмесін Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілердің эталондық бақылау банкісіне енгізу үшін осы бұйрықты қол қоюға уәкілетті адамның куәландырылған электрондық цифрлық қолтаңбасын және Қазақстан

Республикасы Білім және ғылым министрлігінің расталған мөрлі электронды және басылымды түрін жіберуді;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі интернет-ресурсында орналастыруды;

5) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң қызметі және халықаралық ынтымақтастық департаментіне осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі А.Қ. Аймағамбетовке жүктелсін.

7. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрі**



Е. Сағадиев

A handwritten signature in blue ink, consisting of a stylized 'E' followed by a horizontal line and a vertical stroke.